

ЖУЛДЫЗ

12

ДЕКАБРЬ 1980



СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

Тұрсын ЖҰРТБАЕВ

КӨРКЕМ АУДАРМА: ТАБЫС ПЕН ТАЛПЫНЫС

Жетпісінші жылдары ана тілімізге аударылған прозалық
шығармалар хақында

ҚАЛЫң бұқараның мұддесін, ой-арманын, мұн-мұқтаждын бейнелейтін енер туындысы әлемнің барша жүртшылығына ортақ. Мәдениет саласындағы сан килем салалардың гастрольдік сапарлары соны дәлелдейді. Бұл орайда, музика мен бейнелеу енерлерінің басқа елмен, бөгде жүртпен тікелей, ешқандай тәржимасыз-ақ табысу мүмкіндігі мол. Ал, әдебиет, оның ішінде көркем шығармалың жолындағы кедергі де, көпір де тіл. Эр үлттың этнографиялық, эстетикалық, философиялық, танымдық рухани ерекшеліктерін, адамдардың тұрмыс-тіршілігін, салт-санасын, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін, табигатын таңғажайып құбыльстарын толық және жанжақты бейнелейтін көп томды шығармалардың, романдардың, хикаялардың сырнаға қанынып, терең түсініп, көркем есер алу үшін басқа тілге аударылуы және түп нұсқадағы реңнін солғыннатпай, тіл шырайының өнін бүздей, автордың деңгейінен тәмен түсірмей, тен дәрежеде әр үлттың үғым-тірщілігіне қаның етene жақын етіп аударылуы қажет. Бұл орайда қазақ, қырымдарды да соңды он жылдың ішінде әдебиет әлеміндегі үздік шығармалармен ана тілінде табысып, сырлы да сырбаз туындылардан зор рухани есер алыш, шөл қандыра сузындағаны анық. Эрине, бұл арада түпнұсқадағы көркемдік қасиеттерді жоймай, ана тіліміздің мүмкіндігін толық пайдаланып, қырымнаның көңілінен шыққан аудармалар хақында пікір қозғалып отырынан еске саламыз.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы көркем аудармалың түп тамыры теренден, сонау көне түркі заманынан бастау алады. IX—X ғасырларда дүниеге келген арабтың «Мың бір тұн» хикаясының жеке үзілтері қарасөзбен де, өлеңмен де тәржималанып, халық ішінде көнінен тараптып, қыр тесінде тіршілік кешкен жандарды бөгде елдің тарихымен таныстырып, қияла қанат бітірген. Фирдоусидің, Низамидің, Рудакидің, Навоидың шығармаларын қазақ халқы өзінің төл

әдебиетінің туындыларындағы етene қабылдауы сондықтан. Көлемі қомақты, күрмеуі мол курделі романдарды тәржималау дәстүрі, оны әңгімелуе арқылы тарату үрдісі XIX ғасырда өрнекті еріс алған. Оған Абайдың айналасындағы ағартушы ақындардың Дюманың «Үш мушкетері», «Королева Марго», Лесаждың «Ақсақ француз», «Қызыл сақалы», Пушкиннің «Дубровский», Г. Хаггардтың «Сүлеймен патшаның көніші» сияқты шығармаларының мазмұнын үзак, тунгы, бір түннен екінші түнге ауыса отырып баяндайтыны айқын дәлел. Эрі әнші, әрі ақын Әссеттің «Евгений Онегинің» өзінше саралай жырлауы, Қекбайдың Крыловтың мысалдарын қара сөзбен де, өлеңмен де шәкірттеріне жеткізуі әдебиеттің аударма тарихындағы қызықты құбыльстар. Абайдың немере ағасы Халиолла Өскенбаевтың 1880 жылдары сахара халқына Тургеневтің, Чернышевскийдің, Толстойдың шығармаларын әңгіме ретінде баяндан, ел-жүртқа ауызша таратқаны туралы деректер де архивтен кездеседі. Бұл тек қана уақыт шашына толық көмілмей, көмескіленіп жеткен деректер гана. Тәржіма тарихына қатысты кейбір мысалдың тілге тиек етудегі басты мақсат—аударма енерінің үлттық әдебиеттімізде сонау көне заманнан бері көрініс тапқанын, уақыт ізіне ілесіп сан-салалы бағытта дамығанын, төл өнеріміздің бір бұтағы ретінде нәр ала өскенін, бүгінгі таңда бұл бұтақтың бар жапырағы жасыл түске боленіп, өнеріміздің қуатты бір тамырына айналғанын, салауатты да сауатты, тілдік, стильдік иірімдерді жетік менгерген аудармашылардың қалыптасқанын, олардан жогары көркемдік дәрежені талап етудің орынды екендігін сез арасында есекріп, әңгіме арқауының желісін салалай өруден туган ізгі ниет.

Сондай-ақ осыдан жұз жыл бұрын сыйын сахараға қара сөзбен, хиссамен таралған «Үш мушкетер», «Сүлеймен патшаның көніші» сияқты айтулы шы-

ғармалардың толық түпнұсқасының бік көркемдік дәрежеде қайтадан оқырман қауымға үсынылуы да ойға дәйек болатын және ерекше назар аударатын жай екендігінде. Кезінде кейбір таза ұлттық ғынастарды суреттейтін туындыларды тәржімалаш әбестік, біріншіден оны қазақ халқы қабылдамайды, екіншіден, аудармашының тіл қоры жетпейді деңген жаңаң пікірлердің орынсыздырына тарағы да бір рет көз жеткізу. Өнерде жаттық жоқ. Шынайы қөркем шығармада шекара жүрмейді, тек соның шырының сақтаң, оқырман жүргегіне жеткізе білу керек. Бүгінгі таңдағы жеке кесті мақсатта, көңілге үйріліп, күпті еткен проблема да осы болса керек ти.

Аударма өнеріндегі қыры мен сырьы мол. Оның өзіндік қиындықтары да қаншама. Жыл сайын одақтық көлемде салималы пікір алышулар өткізіліп, келелі ойлар айтылып, тиісті шаралар да белгіленіп жатады. Тіпті, аударма саласындағы үлті тұтартылған әнегелі мектеп қалыптастан орыс әдебиетінің өзінде де бұл мәселе толық шешілді деуге болмайды. Шекспир, Флобер, Хемингуэй, Кавабата шығармаларының тәржімалану саласы жөніндегі сын мақалалар, ұлы драматургтың «Отеллосының» орыс тілінде терт түрлі аудармада нұсқасының барлығы соны танытады. Әрбір сезінен тарихи дерек пен азыздық оқиғаның бедері байқалатын Гомердің «Одиссеяй» мен «Илиадасының» үш-терттеннән олеңдік және карасөздік тәржімалары бар. Мұның барлығы да аудармада қатаң талапты, шығарманың қөркем де, дәл жеткізуін қамтамасыз етудегі ындағаттылықты, енерге деген жауапкершілікті мегзейді. Сондықтан да, біз бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетіндегі аударманың проблемалары мен қоса жетістік-кемшиліктеріне де тоқталмақпyz.

Жетпісінші жылдары қазақ оқырмандары одақтық, әлемдік әдебиеттің ең үздік екілдерінің соны бір ізденіске жетелейтін, кең тынысты шығармаларымен, слардың творчестволық лабораториясымен, шеберлік деңгейімен танысты. Аударма өнері де марқайраның аңғартты. Осыдан бұрындың оңжылдықтардағы тәржімаларған кітаптар мен шартты түрде салыстырғаның өзінде де олардың саны да, саласы да, қамтитын географиялық ауыншылар да үлкейді. Жетпісінші жылдардың бедерінде аударуға ете қын, стилдік ерекшеліктері таңа ұлттық психологиямен, тосын тенеумен, әдет-ғұрыппен, таным таразысымен дараланатын шығармаларды аударуға бетбұрыс басталды. Мұның езі әдебиетіміздің, оқырман мәдениетінің талғамының ескендейгінің нақты көрінісі. Баспа орындары халықтың рухани талап-тілегін дөп басып, оны жузеге асыруда көп еңбек сіңірді. Соңғы он жыл қөлемінде бұрын тәжірибеде (бұл арада аударма туралы) кездеспеген, алайда оқырман ынталандырып, іріктең, окуга даярлайтын сериялық кітаптар жарайқ көрді. Бұл уақытқа дейін ондай мүмкіндік қазақ оқырмандары үшін

жасалмаған еді. «Қызықты хикаялар қітапханасы», «Шетел прозасы», «Достық» кітапханасы атты сериялар қазірғы таңда көшілік қауымның көңіліне терең орнығып, кітап сөресінен құрметті орын алды. Ал, жекелеген атпен жарайқ көріп жатқан шығармалары қаншама десеңізші. Тек кана «Достық» кітапханасының 50 томының езі аударма саласындағы үлкен бір белес, келелі күбыльыс емес пе. Бұл серия бүкіл одақ көлеміндегі таңдаулы басылымдардың қатарынан орын алатыны анық. Осы кітапхананың барысында қазақ оқырмандары А. Фадеевтің «Тас-талқан», Г. Марковтың «Сібір», И. Мележдың «Саздақтағы ел», «Найзагай тынысы», В. Лаистің «Дауыл», И. Авижюстің «Шайқалған шаныңғрак», И. Друшенің «Ақ көңілміз, жук ауыр», В. Богомоловтың «Қырық төрттің тамызы» Д. Гранинің «Коммуна генералы» атты т. б. үздік шығармалармен танысты да, табысты да. Үлкен рухани байлықтың көзінә айналған мұндай іргелі туындылардың жарайқ көріп қашанда ізгі ілтишатқа бөледі. Жас оқырмандарда жетпісінші жылдары колға түсे бермейтін, романтикалық, әлемге шакырағын, гуманистік сезімге баулытын, қырғызылғық шыреттін шытырман оқиғага толы Ф. Купердің «Могиканың соңы тұяғы», Г. Хаггардтың «Сүлеймен патшаның кениші» А. Беляевтің «Ауа саудагері», Ж. Симоненның «Комиссар Мәгрे және ұрылар» А. Гриннің «Алқызыл желкендер» сиякты таңғажайып қызық-молынаң сусындаған айтулы туындыларды ана тілінде оқу мүмкіндігіне ие болды. Ал, бұл сериядан тыс жарайқ көріп Стендальдің «Қызыл мен қара», В. Гюгониң «Токсан үшінші жыл», У. Коллинздың «Ай саулелі асыл тас», В. Скоттың «Айвengo», Г. Мопассанның «Өмір», Э. Хемингуэйдің «Қош бол, майдан», «Климентанджар — қарлы тау», И. Буниннің, А. Куприннің әңгімелері, М. Шолоховтың «Отан үшін от кешкендері», К. Фединнің «Алау» т. б. ондаған субелі дүниелерді атасақ, қаншама рухани ігіліктің игерілгеннен, көзіміз жетеді. Одақта распубликадағы жазушылардың қазақ тіліне аударылған шығармаларымен қатар жас жеткіншектерге айналған туындылар да жеке бір шоқжұлдыз. Әлем әдебиеті қөлемінде М. Твеннің «Том Сойерінен» бастап А. Линдгеннің «Карлсоныңа» дейінгі, орыс әдебиетінде В. Арсеньевтің «Дерсу Узала»нан. Ю. Алешиковскийдің «Қыш және қос портфелине» дейінгі туындылар тұган әдебиетіміздің рухани корына өзіндік ернек кости.

Осылайшама мол әдеби мұраны түпнұсқадағы қөркемдік деңгейінен солғындастпай, барлық шынайы шырайымен, контексттік мағынасының тиянақты тұжырымымен, философиялық түспалдарының жүргөнен жеткізу, стилдік ерекшеліктерін сақтай өтіріп тілдік тенеулердің баламасын табу аса ындағаттылықты, жауапкерлікти, кең тыныс пен нәзік түйсінуді қажет етеді. Орасан зор иғілік-

ті төл әдебиетіміздің беделі де беделді қазынасына айналдыру барысында естен шыгармай, қатаң үстанатын талаптің бірі де, ең бастысы да осы болса керек. Асылды жасытатын, әсем әлемді құнгирт күйге түсіретін, қанық болуын оңдыратын атусты аудармалардың, онегр туындысына тек зиян көлтірепе сезсіз. Бұл орайда көлем мен сан қуушылық, тәржімаланғанының өзіне қанағат тұту — әбестік. Жасыратыны жоқ, соңғы он жылдарың ішінде ана тілімізде жарық көрген шыгармалардың аударылу. дәрежесі әр қылы. Өкініштің, сол, осы уақытка дейін бұл шыгармалардың сапасы қақында баспасөз беттерінде толымды пікір айтылмай келеді. Віздің ойымызша, мол мұраның тәржімалану барысы арнағы тақырыптың арқауы боларлық үлкен мәселе. Тіпті, әрбір серияның өзін жеке-жеке талдаудан өткізіп, ондағы кемшіліктер мен жетістіктерді екшеп, тиісті шарапал белгілесе нұр үстінен нұр.

Эрине, түпнұсқамен тең дәрежелес тәржімалану деген үғым шартты түрде алғынады гой. Қашанда автордың өз нұсқасының шоктызы биик түрары анық. Оның үстінен қазақ оқырмандарына ана тілінде ұсынылған шыгармалардың деңін орыс тілінен аударылады. Орыс әдебиетіндегі қалыптастан үлкен аудармашылық мектеп пен мол тәжірибелеге қарастан, көркем шыгармандың толыққанды бояуының сөл деболса өзгеруі де, интонациялық, екпінің ің кедегілінеп жетуі де ықтимал. Бұл арада түпнұсқа дәрежесінде салыстыру шартты, салыстырмалы мағына беретіні де сондықтан. Біз аударма сапасын сез еткенде ондағы әдеби көркемділікке, тіл кестесінің дұрыс ерілуіне, стильдік тазалыққа баса назар аударуымыздың себебі де осыдан туындаста керек.

Әзінің жазылу мәнерімен, оқиға құрылымымен, әлеуметтік астарлы ой айта білуімен, таза профессионалдық шеберлігімен класикалық, әдеби шыгарма дәрежесіне көтерілген француздың атақты жазушысы Стендальдың «Қызыл мен қара» романы жұз елу жылдан соң қазақ оқырмандарының жүргегін жоқ тауышы, өзінің өміршің шыгарма екендігін, онегре жаттық жоқ екендігін табы да танытты. XIX ғасырдың хроникасы деген түпнұсқа әлеуметтік-саяси астары мол бұл романың оқырмандарға берер эстетикалық тағымы мол. Стильдік тазалығымен назар аударып, өзін-өзі қатаң талап қоятын жазушының шыгармасын Жұмағали Ысмағұлов кітап басылымының алғы сөзінде: «... бір жарым ғасыр ішінде дүние жүзіне түгел танылған, орыс тілінде төрт рет аударылған бұл роман қазақ тілінде бірінші рет жарық көріп отыр. «Түпнұсқа алдындағы адальдық — аударманың ен басты қасиеті», — деген Стендальдың бір сөзі бар екен. Тәржімалашу үстінде көркемдік жағынан да, мазмун жағынан да авторға барынша адал болуға тырыстық», — деген өзінің алдына қойған мақсатын білдіріп, оқырманың әділ қазылғын күтіү де қағыралы тәржімашының кішіпейлілдігін

аңғартады. Жұмағали Ысмағұлов бұдан бұрын да айтулы көркем шыгармаларды аударып шыгарманың көркемдік қасиетін жоймай, сырлы да шырайлы болуын сақтап, мазмұнына сай долме-дәл балама таба білетін каламгер ретінде дара-ланатын. Шының айтсак, аудармашының шеберлік мүмкіндігінен сенсек те, «Қызыл мен қараның» қазақ тіліндегі нұсқасын көргенде «Бұл Стендаль гой!», — деп көңілге күдік ұялағанын жасыра алмаймыз. Франциз әдебиетінің үлгілі нұсқалары ішінде ана тілімізде жарияланса да, шоқтықты шыгармандың аудармашыга артар жүгі де осал болмаса керек-ті. Ана тіліміздің барлық баяндау тәсілін, ішкі иірімін жетік мәңгерген аудармашы бұл жолы да биік мәреден көрініп, романың астарлы ойын, мағыналы мазмұның терең түсініп, үлкен ілтиппатен ден койып түпнұсқаның деңгейінен төмен түсірмеген екен. Әрбір беттің оқыған сайын көңілдегі күдік ыдырап, сезіктенген сенім-сіздіктің тұманды сейіліп сала берді. Кісі мен жер аттарын, этнографиялық, ерекшеліктерді еске алмасақ, автордың өзге үлт екілі екендігің байқалмайды. Аударма кібіртіксіз, үғымға жатық, сонымен қатар аса көркем дәрежеде жүзеге асырылған. Шыгармандың бірнеше жерінен үзінді көлтірейік. Барлық оқығаның өзек алдысы кеңінен саралана дамитын Верьеर қаласын автордың оқырмандарға таныстыратын түсі: «Қалага кіре бергеніңізде-ак түрінен адам шошығандай бір галамат машинаның ауыр күрсініп, тұла бойынды тітіркентен қатты ғүрслінен құлағың тұнады. Аллапасадай. Жиырма балға біріне-бірі жамырай соққанда, тұра жер солқылдайды; оны осылай көтеріп соғып, тынымыз қымылға көлтіріп турған галамат—таудан құлаған тасқын сузың, күшімен айналатын үлкен тегершік. Осы балгалардың тас-табанынан күн сайын қаша мый шеге жасалып шығатының ешкім білмейді. Қызғалдақтай құлпырған жас ерім қыздар осынау зеулім балгалардың табанына бір-бір кесек темірді тесеп үлгергенше-ак, қас-қағымының арасында әлгі темірлер сыйлышраган шеге болып шыға келеді. Сырт көзге соншалықты дерек көрінетін осы өндіріс Франция мен Гельвецияның арасын бөліп тұрған осынау таулы өңірге тосынан келген жолаушыны таң қалдыратын та машалардың бірі. Ал егер Верьеер жолаушылап келген адам үлкен көшеден көлденең откен жаның құлағын көреп қылатын осынау керемет шеге фабрикасының иесін білтісі келсе, бұл жердің адамдары дауыстарын созып, самарқадағана тіл қатып «Ә. ә; фабриканы айтасыз ба? Ол біздін Мэр мұрзының болады», — дер еді. (16-бет) Міне, осы үзіктің өзінен-ак аудармашының әрбір сезідің мағыналылығын сақтағанын, оның мазмұнын терендете тусуді көзделегін аңгарамыз. Осы үзіндідегі «құрсініп», «самарқадағана» деген тіркестерді Ж. Ысмағұловтың орыс тіліндегі баламасына сәйкес «ауыр тыныс алыш», «жайбаражат қана», «асықпай» деген қолдануына болар еді. Бірақ бұл сездер түпнұсқадағы ма-

ғынаның жолма-жол аудармасы. Онда кимыл мен іс сол жалаң қалпында гана сүреттепіл, жадағай сипаттама күйіндегі қалар еді. Алты машинаның «күрсінү» оның сыртқы көрінісін емес, ішкі құрылымын, ондағы адамдардың тағдырын ашады. Неге күрсінеді? Басты кейіпкер жиырмаш уш жасар Жюльен Сорель әлі осы құбылжық машинаның бауырында тұншылып жатырға жой. Демек, аудармашы автордың ойын терең түсініп, оны жетілдіріп, оқырманиң жүргегіне жақында түскен. Үстірт қараганда «самарқа» мен «жайбаракта», «асықлай» іспетті сезіздің орынмен қолданылуы әрбір тіркеске басқаша рен, соны салмақ, ой салады гой. Егер аудармашы «асықлай» деп қолданса, онда жұмысшының жеке басының, не кимылшының көрінісін ашар еді. Ал «Самарқа» деген сезде ерекше екпін бар. Жұмысшының бұл сезінде кекесін жек керу, білмегендіп, асықлағансып, көрінү бар. Міне, бір сезіздің баламасын табу үшін тәржімешінің қашшама іздентеніп осыдан-ак айқын аңғарылады. Екіншіден: «самарқа гана» емеурін танытқан мұрзаның мінез-кулғы осы тіркестер соң бағыналады. «Ол көшеде көрінген бойда-ақ талай бастың қалпақтары қопаң етіп бір-бір көтерілп қалады. Сырт пішіні сырбаз. Ал, жұмысшының мысқылының «самарқаулығын»... көз тоқтатып қараганда-ақ жаңағы кісінің кейіндегі әр жағынан әлдекандай бір топастықтың, ой жұтаңдығының ісі аңқыған менимендік пең тыраштықтың ишшаның ангарыши, түңіліп те қалар еді. Қарал тұрсаң, бұл кісінің бойындағы бар қабілеті — езіне қарыздар адамдары несиеңін қалт еткізбей төлөттіру де, ал ез борышын ұзын арқан, кен түсаса қылыш соза беру гана болар-ау деген емеурінен нақты байқайсың. Бір сезіді контекстен қабыстырып, діттеген жерінде пайдаланудың нәтижесінде аудармашы бір сейлемнің, бір беттің емес, бүкіл роман желісінің характерін ашып тұр. «Қызыл мен қара» іспетті шоқтығы биік енер туындысының, ез тәржімашының тапқанына қуанасың. Бұл роман жетпісінші жылдары ана тілімізде жарық, көрген және тұпнұсқаның дәрежесінде жүрекке жеткен тәлімді шығармалардың бірі, аударма саласындағы әдебиетіміздің соны бір жетістігі. Жоғарыдағы іспетті мысалдарды көптең көлтіруге болады. Сонымен қатар тағы бір ерекшелік: Ж. Бісмагұлов тұпнұсқадағы кейір сейлемдер мен сезідердің қазақтың ұғымына, түсінігіне таным-тіршілігіне сай балама тауып, мақал-метелдерді, қалыптасқан тіркестерді ез ретімен, ез жөнімен қилюастыра қолданады. Бұл шығарманың көркемдігі мен мазмұнына ешқандай да нұқсан көлтірмейді, қайта контекстегі мағынаны тереңдете түседі. Бұрынғы аудармаларда әйелге құрмет көрсетіле айттылатын мадам, мадемуазель, госпожа, господин, князь, іспетті атаулар сол күйінде пайдаланыла-тыны. Жұмагали Бісмагұлов «Қы-

зыл мен қараның» қазақша нұсқаларында мұндай лауазымдық құрметтеу атауын бибі, ханым, бикеш, тақсыр, мырза деген үғымдармен ауыстырады. Осы уш тіркестің қолданылуының езінде ерекше ындағаттылықпен қараган. Әдette, де Реналь ханымды қатты құрметтейтін Жюльєннің еркелік көрсеткен түсінідегі «бібі» деп қалуы оқиганың же лісінде сәйкес сәтті құбылып, рең береді. Қорыта айтсақ, Стендальдың «Қызыл мен қарасы» қазақ оқырмандарына тұпнұсқадағы қуат-күші мен көркемдігін сақтай отырып, ауқымға жеткен, аударма мәдениетінің есекін еркенін танытатындағы дәрежедегі сәтті аудармандың бірі. Белгілі көркем әдебиет тәржімасы Жұмагали Бісмагұловтың үлкен, творчестволык жәнісі, талай жылдар бойы жинақтаған тәжірибелінің жемісі.

Алайда «Қызыл мен қараның» қазақша текстин оқығанда «ұзын арқан, кен түсаса» іспетті ана тілімізде қалыптасқан тіркестер жи қолданылады. Бұл, әрине, тұпнұсқадағы ойдан мазмұнын ашуға, оны жатық, жеткізуге көмектеседі. Дегенмен де, Стендаль әр сезін аса шабытпен, үқыптылықпен пайдаланған, бір тенеуге бір күнін жұмсаған жазуши. Демек, мүмкіндігінше автордың тапқан сезінің тікелей баламасын жеткізген лазым. Қалыптасқан тіркестің автордың стиліне нұқсан келтірері анық. Екіншіден, ішінара «егер осы қызы маганған гашып болып қалса, тірі қызық болар еди-ау», деген сияқты аршопалақ жолдар көзінде. Ана тілімізде тірі қызық іспетті тіркес жок. Осы «тірінің» орына «тілті» деген сезіді пайдаланса әлдекайда әсерлі естілетін тәрізді. Қуаныштысы сол: мұндай мысалдар аудармада некен-саяқ қана.

Көркем сезідің маржандары атантан ондаған шығарма ана тілімізде жарық, көрді. Оның барлығына жеке дара тоқтальып, талдау жасау мүмкін емес. Дегенмен де жетпісінші жылдары тәл әдебиетіміздің илілгіне айналған Ги де Мопасанның «Өмір» (ауд. Ә. Кекілбаев), Г. Хагардтың «Сүлеймен патшаның кеңіші» (ауд. М. Магауин), Д. Купердың «Могиканнның соғыры туяғы» (ауд. Т. Жаннұзаков), В. Гюгоның «Токсан ушінші жыл», В. Скоттың «Айвенто» (ауд. Ә. Атығаев), Э. Хемингуэйдің «Қош бол, майдан», «Климанжаро — қарлы тау» (аудармандар Қ. Қараманұлы мен Н. Эбуталиев) атты таңдаулы туындылардың біразының тәржімалану дәрежесі көркем шығарманды аудару барысында қойылатын талаптарға жауап беретіндігімен көңілге қуаныш үялатады. Біз бұл арада «Достық» кітапханасымен жарық, көрген дүниелердің кейінірек арналып пікір қозғайтын болғандықтан әдейі тізімге қоспалайтын. Жоғарыдағы аталған авторлардың езінен-ак қаншама илілкіті істін, рухани байлықтың жузеге асқандығын байқау қын емес. Дүние жүзіне аты әйгілі жазушылардың ең бір субелі де күрделі туындылары.

Эрнест Хемингуэйдің үш ірі шығармасы мен бірнеше әңгімелері ана тілімізге аударылды. «Шал мен теңіз» повесі Нығмет Габдуллиннің тәржімасымен жарық көргеніне он бес жылдан уақыт етті. Міне, енді араға жыл аралапты «Қош бол, майдан» мен «Климандраро — қарлы тау» атты екі кітапта қазақ, оқырмандарының қолына тиді. Асылы, Хемингуэйдің стилен сирт кезге женил, қарапайым оқигалардан өрбитіндей көрінгенімен, оның әрбір диалогінде үлкен мән, терең астар жатады. Автордың шығармадағы айтайлың деген ойын нақты тауып содан кейін гана әр сөздің баламасын іздеу қажет Орыс тіліндегі басылымдардағы Кашкиннің тәржімасының биік бағата ие болуы, зерделі оқырмандарының сол аударманды іздең жүріп окуы біраз нерсені аңғартады. Тіпті, Хемингуэйдің шап-шағын әңгімелерінің езін бірнеше аудармашының бірігін тәржімалауды да сондықтан. «Қош бол, майдан» — атакты қаламгердің есімін әуелі Парижке, содан кейін дүниене жүзіне әнгілі еткен ірі туындысы. Мұнда әмір шындығы нақты, реалистік сипаттында ешқандай әсерлеусіз суреттеген. Қоғамдық қақтығыстарды, соғыс апатының туу себебін жете зерттеген, жүргетіне өте жақын қаламынан шықкан әрбір жалаң сез бен жадағай оқигаға қатты налып, бірнеше қолжазбасын әртеп жіберген. Міне, осындай «стильдік курсес» туында жазылған «Қош бол, майданның» қазақ тілінде жариялануы, оны ағылшын тілін жаңық, белгітін бұрын да осы тілден журналистикалық репортаждарды аударып жүрген Құрманғазы Қараманұлының аударуы құптарлық. Бұл автордың айттар ойын, стильдік ерекшелігін, контекстегі мағынасын дәл түсінуге, тұжырымды тілмен тәржімалауға негіз салған. Романдағы дамитын және ішкі психологиялық қақтығыстарды бейнелейтін оқигалардың дені диалог арқылы өрбін шешімін тауыш отырады. Егер аудармашы бір гана сөздің мағынасын, емеурінің өз дәрежесінде жеткізе алмаса, онда кейінгі оқигалардағы желіс үзіліп, салмағын жеңілдетіп алады. Бұкіл шығармандың шырайын бұзатын да сондай «аңғалдық» болса керек. Құрманғазы Қараманұлы Хемингуэйдің «Қош бол, майданың» аудару кезінде автордың түпнұсқадағы стилін, әңгімелуе мәнерін (бул Хемингуэй үшін ең басты шарт болатын — Т. Ж.) катаң сақтай отырып, жатық тілмен баяндаған. Кейде бір оқигадан екінші оқигаға тез ауысатын, репортерлік әдісті пайдаланған тұстарды қазақ оқырмандарының жатырқауы да мүмкін еді. Алайда, Қ. Қараманұлы сол тәсілдің езін қилюластырып, белгілі жүйемен аударған. Хемингуэйдің табиғат суреттерін бейнелейтін тұстарда өте үтқырлық танытып, пейзаждың езін адамының психологиясымен араластыра өргуте бейімділігі баршага мәлім. Бір абзацтың өзінде бә-

рі де астасып жатады. Мұндай журналистік қасиеттердің ізі түпнұсқада өзін-өзі актайды, ал аудармада ше... Оқындың: басты кейіпкердің катерде оқигадан суға секіріп қашып құтылатын тузы. Романдағы соғыс кульминациясы «Ағыс жылдам болса өзенде қашаң уақыт бойы жүзіп келе жатқаныңды. ешқашан біле алмайсың. Ұзақ жүзеген сыйылды көрінгенімен, шындаған келгенде аз гана уақыт жузін мүмкін. Су салқын еді әрі тым жогары көтеріліп кеткен болатын. Су жайылған кезде жағадан шайылған не қылы заттар бетінде қалқып бара жатқан. Бағыма қарай маган сүйеніш етуге жарайтын улкен берене тап болды да иегімді беренеге сүйеп қойып, және одан кос қолдап демеп қана үстап, мұздай суға созыла жаттым. Сіңірім құрысып қалмас па екен деген қауып пайда болып, енді бізді тек жағаға қарай алыш кетуін гана тіледім. Біз өзенмен тәмен қарай, көлбеу бағытпен кесіле жүзіп бара жаттық. Таң да едәуір ағарып қалған еді, жағаға әскен бұталар көзге анық көріне бастады. Алда қалың бұтамен көмкірілген арап бар-ды, сол себепті ағыс жағаға қарай ауытқу түсті. Башшамағын мен күйдерімді шешіп тастап жағаға жүзіп барғым да келген, алайда буйай етудің қажеті жоқ деп таптым. Өзімнің жағаға әйтеір бір шығатынның ешқашан күдік көлтірмегенмін, ал жалаң аяқ қалатын болсам қыын тиер еді. Қайткен күнде де Местреге жетіп алу қажет болатын». Міне, түпнұсқадағы Хемингуэйдің ез стилінен айнымайды. Бір абзацта судағы жанталасу, терең ірім, сақтық, алыстағы мақсат — бәрі де бар. Соны менімұндалап көрсетпейді. Аудармашының жазушы мәнерін мемгеруі, бойына сіңіру қажет деген үғымның нақты мағынасы да осында. Қ. Қараманұлы осы туындының тәржімалу устінде бірнеше соны сөздерді қөзданған. Сүтсірне — сыр, теміржол тесемі-платформа, сейсеп іспетті үғымдарды реті келгенде сәтті пайдаланған.

Әрине, каншама ыржадаттылықпен мүқият қараган күннің өзінде Хемингуэйдің стилін, әңгімелуе мәнерін, ой-оқиға екпінін төлкің мендеру қыын. Оның үстінде «Қош бол, майданда» оқига, ой баляндаудауыш үшқырлық алма-кезек ауысып отырады. Кейде тұтас оқига бір екпінмен жеткізілсе, ал екінші тұста бір абзацта он түрлі ырғаққа құрылған, бұкіл тараудың мазмұнын рухани, көңіл-күйін ашатын информациялық тасқынға толы жылдар кездеседі. Осындай сәтте аудармашының да «қібіткітеп» қалатын жерлері кездеседі. Мысалы: «Мен Кэтринді есke түсіре алатын едім. Алайда оны қайта көрер, көрмесімді білмей тұрып ол жайында ойлайтын болсам ақылымнан ауысатындымды аңғардым, сол себепті ол тұралы ойламаура тырыстым. Тек мұлдем аз-аздап қана, тек деңгелектердің базу тұқылының ыргағымен гана (?). Және брезенттің бір жағынан көмексілеу жарық ке-

леді. Және мен Қетрінмен бірге платформа тақтайларында жатырымын. Су-су киіммен платформа тақтайларында жату онша ыңғайлы да емес. Және ой да жок тек сезім ғана. Және бір-бірімізді көрмегелі де тым кеп уақыт етті. Және тақтайлар да дүркін-дүркін дір етіп қалады. Және ішге? (тек зарығу ғана). Және ылғалды кім ғана денеге жабысып жатыр. Және әйелінің сонында қап-қатты тақтайлар» (218-бет). Ал бұл сейлемді орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырғанда бірде-бір сөздің артық түрмаганын, мағынасын да жоғалтпағанын, жалпы баяндау екпінің де, ой иірімін де өте дәлдікпен сақтағанын көз жеткіздік. Хемингуэйдің өз мәнері. Бірак та қазақ оқырмандарына тым оғаш көрінеді, кібіртікеліп оқылады. Тіпті, үстемелі, қарама-қайшы ойлардың астары да ашылмайды. Аудармашылардың әйдін жазушының өз мәнерін катаң сақтауға тырысып, осы түсты жолма-жол котарған. Сонымен қатар «Және» шылауының тым орынсыз көп қолданылуы. Вұл арада «және» деген сез ой толқынын тұтқырландырып, беген түр. «Сосын» тіркесі, әдетте, осындағы кимылды антардатын ой арысына лайықты балама сияқты. Екіншіден, негізгі мағынаны ашатын сейлем ен басында келтірілген де, анықтауыштың барлығы сонында ешбір баяндауышсыз дара күйінде қалып, шолак қайырылған. Тәржімашы мұндайда еркін аударма тәсілін қолданып, сейлемнің тігісін жаткыза жеткізу керек еді. Эрине, бірер сөздің орны ауықсанымен мағына езгермейді, ал мазмұны мен көркемдік жағынан ұтары анық.

Астарлы сөзді аудару қызын. Хемингуэйдің диалогтерінің қуат-куші де сол мол мағыналы емеурінде жатыр. Бір сөзді өзгерту арқылы бүтін сейлемнің мағынасын жойып алуға болады. Қ. Қараманұлы осындағы бік талапты абыраймен орындаған. Десек те, ішінара орыс тіліндегі тіркестердің жетегінде көттін тұстары, сейлемнің аяқталусыз қалатын жайлар бар. Дәйектемеге жүгінейік:

«— Эрине, сен оны білмейсін. Ал, әйел еркекке айта ала ма, оны сүйемін деп. Айттың, маған. Мен мұны білтім келеді.

— Айтады. Егер еркек өзі қалап тұрса.

— Ал, еркек әйелге айта ала ма оны сүйемін деп? Айттың бұл өте керек.

— Айтады. Егер қажет қылса» (101-бет).

Асты сыйылған сейлемдердің құрылымы тым шорқак. Қазақ тілінің баяндау тәсіліне келмейді. Ой екпінің сақтайдын деп, аудармашы стильдік қателікке жол берген. Содан кейін дәл осы диалогтағы «еркек» деген сөздің орынна «ер адам» деп қолланса елзе қайда жатық шығар еді. «Мужчинанын» баламасын мағынаға қарай сан киыл синонимдермен ауыстырудын ешқандай да әбестірі жок, кайта өнін ашып, құлпырта түседі гой. Мұндай ұсақ-түйекке

жете назар аударуымыздың басты мақсаты — аудармашының көркемдік деңгейінен, мазмұн дәлдігін, стиль мәнерін барынша сақтай отырып еркін, түсінкіті тілмен оқырманға жетсе екен деген ниет. Кейде өлшеусіз кібіртіктің өзі түпнұсқа авторына зиян келтіруі де ықтимал. «Қош бол, майданның» тәржімаланудағы мұндай кібіртіктер Хемингуэйдің стильдік үрдісінде жатыр.

Ал, енді осы автордың «Шетел прозасы» сериясымен жарық көрген «Климанджаро — қарлы тау» атты жинағына негізінен оның творчестволық өмірін, суреткерлік сырый қамтитын туындылары енгізілпіті. Кігаптың бір ыңғай тақырыпка құрылым, ірікептеген алынуы өте орынды. Хемингуэйдің өз басынан кешірген қызықты оқигаларды баяндағының, XX ғасырдың басындағы Париж тіршілігін, ондағы суреткерлердің тағдырынан мол мағлұмат беретін «Қызыры мол сол жылдар» атты мемуарлық туындысының тәржімалануы та-маша-ак. Лилян Росстың «Хемингуэйдің портреті» атты колемді естелігі де орындағы кіргізілген. Нәбідін Әбуталиев бұл шығармаларды бірсындырып жатық аударған. Алайда екі үлкен кемшілік байкалады. Екіншіден, осы жинаққа енген барлық шығармалардың аты түпнұсқасамен сай келмейді. Аудармашы «Снега Климанджаросы» — «Климанджаро — қарлы тау», «Праздник, который всегда с тобой» «Қызыры мол сол жылдар» деп алған. Алғашкы шығармада автор тауды емес, сонау Африканың аттабындағы шынының басындағы карды мезеп, сол бір уыс карды экзотика ретінде, қасиетті бейне ретінде суреттейді. Өмірі қар қылауламайтын елкедегі шынының карын түспалдаған, адам жанындағы сондай құпия құбылысты нұскайды. Демек, «Климанджаро — қарлы тау» емес, «Климанджаро қары» Хемингуэйдің түпкі нысанасын, ой астарын накты жеткізеді. Сулу тіркес іздел, мағынадан алшактаудың қажеті жок. «Праздник, который всегда с тобой» — поэтикалық атату. «Озінде қалған думан-ай», немесе «Естен кетпес есіл шак» тәрізді, серлінді айдармен жеткізсе шіркін. Аудармашы, тым қарағайылрандырып жіберген. «Итпекші қажет» деген де әнгімен атына сай емес. Ал, шығармашы аударылу барыснандағы басты кемшілік — сейлемдердің көпшілігінің жібі босаңы, ширак күйінсін айрылыптырап қалған. Құрмеліп оқылады. Сондай-ак, бір сөзді орынды орынсыз қайталаулар жиі кездеседі. Бір абзаңтың өзінде үш рет кезігуі кас шебердің колтақбасына киянат-ак. «Ал сосын ауа райы бұзылды... «Ал — әуескілар» кафесі адамга лық толды» (38) «Генрих тәртіпшінің жанымен», сосын Сент-Этьен-до-Монын көне шіркеуінің жанымен (39 бет), «Асханада наңға паштет косып жеп, ак шарап ішп отырдык». (75 бет). «Ал өзім күтілдің апынындаған тек мүлде лажсыз болған жағдайдаған бережак едім» (126 б.). Міне, осы мы-

салдардан-ак аудармадағы селкеуліктер кылаң беріп түр. Шарап арақ емес қой Бережқата контекстегі мағынаны толық аша алмайды.

«Айвengo» — әлем әдебиетіндегі классикалық улгіде жазылған тарихи романың алғашкы қарлығашы. Бұқіл бір әдеби бағытқа негіз салып, оны қалыптастыруға мұрындық болған шығарманың екі гасырдан астам уақыттан кейін ана тілімізге аударылуы жөне барлық шырайымен оқырман жүргегіне жетуі қуанарлық жай. Жетпісінші жылдардағы қазақ тілінде жарияланған әдеби туындылардың ішіндегі «субелілерінің, қатарына В. Скоттың «Айвengo» да косылады. Бұл шығарманы ана тілімізге тәржімалау барысындағы басты қындық — романдағы оқигалардың осыдан торт гасыр бұрыны ағылшындардың өмірін қамтуы, яғни тарихи оқигалардың молдығы. Орта гасырдағы Британия тарихымен бейтаныс оқырманың қиналып оқыны анық. Сонымен қатар таза улттық атаулар да тілді күрмей береді. Осы тұрғыдан алып қарағанды, Әбітай Атынбаев күрмеуі мол күрделі туындының тігісін жатқыза, қарапайым да көркем манермен, түсінікті етіп тәржімалаған. Әлеуметтік-сағаси астары тेңрінде тұнып жатқан «Айвengo дағы» жалықтың тіл ернектерін сәтті аударған. Шығарманың атын адактап іле күрмей шалу мақсат емес. Бірақ, жақсылығын айта отырыш, кемешілікте де көрсету парығ. Егер, әрбір сезін магынасының дұрыс қолдануын талап етсең — ол тырақ, астынан кір іздегендікке жатпайды. Адамзат атаулының ортақ қазынасы атаған шығармалардың інжу-маржан күйінде аударылуын көзденген, қатаң талапқа жүгінуден тұган талпының екені анық. Қызын да күрделі тұстардан киналаса да қиялап еткен тәржімашы кей реттерде атустілікке де жол беріп қояды. Қызының жолына қолдағы барын шашып, құрбандыққа шалынуга зағир тұрган шалдың монологы қандай тегіліп түр. Ал, соны оқи отырып: «Қашырды мен Седрин Ашбиге келгенде соның нокерінің біріне аман-есен табыс етермін. А сен езің... — деп келді де, жаһанкез сезінің ақырын Гурттың құлагына айтты», (60 б.) «Осыдан кейін бұлар ажырап болып, Шеффилдке ексуи екі жолмен кетті» (66). «Берік қақпа серісі өзінің жауынгер мұқты атына отырып, орманға кіріп кетті». (352 б) «Айтқанымды үк, Конрад, енді қоқтің де, жердің де құдіретшілері (Құдай мағынасында — Т. Ж.) біздің қазіргі буынымыздың астамшылығына ешбір тезе алмайды.

Біздің үй қалап отырган негізін міз (іргетас — Т. Ж.) қазір шайқалып түр, біз будан былай аса беретін болсақ, тұңғыбытың түбіне қараң болып (?) бір-ак кетеміз» (370 б) іспепті киуы қашқан сойлемдерді көздейші шалғанда, киналап-ак қаласыз. «Құлагына айтты» — сонда бұл сөз Гурттың өзінін емес, «соның» құлагына арналған тәрізді. Негізінде «Құлагына сыйырлады» гой.

«Ажырап болып» — артық тіркес, «жауынгер мұқты атына отырып» — бұл да орашолақ, қолданылған, нақтылық жок. Ал ірге тасты осыншама әңгімелепедилялық анықтамамен берудің кәжеті шамалы, Аудармашы негізі ойды, «шынырагымыз шайқалды» деген пікірді жеткізу үшін шубаланцы үримсыз сез тізбегін орынсың тықталған. Мұндай «қыннан қыстырылған» тіркестердің барлығын қағаз бетіне тусірудің кәжеттігі шамалы. Тек аудармашының «эттегенайлары» мен алшактықтары қынжылтады. Қазір қазақ тіліндегі сөздердің жазылуы, емлесі, орфографиялық үлгісі дерліктей бір ізге түсіп, тұрақты әдеби нормага айналды. Терміндік тіркестердің сөздің әрбір сала бойынша тоptалып, жарық, коруде. Соған қарастан «Айвengo» романының аудармасындағы ете жиңі кездесетін жүзден астам сөздің бурмаланып, қате жазылуы таңданылдыра. Эрине, бұл шығармада көне үтімдардың кеп қолданылатының жасырмаймыз. Соның әдеби норманың үлгісінде жеткізуге толық мүмкіндік бар сияқты. Тіпті, баспаның қатесі деуге келмейді. Бір сез бір бетте он рет қолданылатын жайттар бар. Солардың кейбірін тізіп шығайық: уалалт-үеләят, отырарлық-отарлық, сырт пышындары, сырт пішіндері, біralар-пірадар, бұлары-былгары, үглі-үлі, пышыны-пішіні, әүмесерлер-әүмесір, мия неме — милау неме, мия басыңа-милау басыңа, шеркес-шіркеу, хаврет-қазірет, ғымырат-ғимарат, оспадар-оспадыр, жебрей-еврей, чуланда-шоланда, алдақашан-әлдеқашан, хас душшаны-қас душшаны бейтімді-бәйгемді, ғыбадатқа-ғыбадатқа, қышығына — китығына, ғыбыраты — ғибратты, кернай — керней, марттығын-марттіғін. Міне, бұл 503 беттік романың алғашкы 40 параграфында екі-үштен қайталанатын сөздер. Содан кейін монақты ғымыратшы, еврейді — жебрей деп балама ретінде пайдалануы да ретіс сияқты. Асылы, қалыптасқан тіркестерді бузу — тілді шубарлау. Мұндай қысынсыз көріністерге баспа редакторының жол бергені де екіншіті. Кітапты әзірлеу барысында бір ретке түсіретін қателікте дер кезінде ескермеуі В. Скоттың «Айвengo» тәрізді әйтілі шығармасының қазақ тіліндегі нұсқасына үлкен нұқсан келтірген.

Соңғы бес-алты жылдың мерзімінде қазақ оқырмандары совет әдебиетінің уздік ежілдерінің майдай алды шығармаларымен «Достық» кітапханасы арқылы кеңінен танысилып, үлкен эстетикалық тәрбие, рухани күш алды. Қазір осы сеりямен шыққан қалың мұқабалы кітаптардың саны 50 томра жетті. Бұл қазақ аударма тарихындағы елеулі құбылыс. Асқаралы мақсатты көздең алымды істітін барысына ерекше ынта қойып, оқырман қауым атальмыш сериямен шықкан кітаптарды құныға оқитыны анық. Бағысының саяси-идеялық, көркемлік-интернационалдық сипаттары туралы III. Елеукеновтың «Достық дастаны»

атты мақаласында кең де келелі пікірлер орынды айтлыған. Қуаныштысы сол: «Достық» кітапханасының айдарымен жарық көргөн дүниелердің дәні түпнұсқадағы ой мен көркемдік қасиеттерін жоғалттай, сәтті тәржімаланған. Сан қылы стилемен, әдеби тәсілмен, үлттық бояумен өрнектелген көп томды дүниенің сапалы орындалуы бір деңгейден көрінуі де қын. Өте тамаша аударылғаны да, сәтті шыққандары да, асығыстықпен жузеге асқан тәржімалардың да ушырасуы заңды. Әйтеуір, аудару қажеттігінен тұған науқандық қарбаластың салқыны тиғен томдардың да жарық көріндігін жасыра алмаймыз. Эрине, осы сериямен ана тілімізде жеке кітап болып шыққан барлық шығармалардың бір мақалада қамту, саралап талдау қын. Аударманың жатықты, автордың стильдік ерекшелігінің сақталуы, жалпы көркем дүниенің рухының толықтай жетуі — тәржіма өнерінің басты мураты. Бұл орайда И. Мележдін «Саздақтарға ел», В. Богомоловтың «Қырық төрттің тамызы», И. Друценің «Ақ көңілміз, жүк ауыр», А. Фадеевтың «Тас-талқан», А. Лупаның «Таң сәрі», З. Сәмадидың «Майымхан», Г. Марковтың «Сібір», А. Аナンьевтың «Тосқауыл», В. Ласистың «Дауыл», Д. Граниннің «Клавдия Вилор» атты шығармаларының сәтті аударылған ерекше атап ету қажет. Мұнда түпнұсқадағы ішкі іірімдер барынша қанық бояумен жеткізілген.

Біз осы орайда уш-төрт шығарманың тәржімалық сапасына тоқталып, аударма дәрежесіне орай пікірімізді сабактамақпаз. Жоғарыда ана тілімізге оте жатық, және сәтті аударылған Ион Друценің «Ақ көңілміз, жүк ауыр» атты бір томдығын оқып шыққанда ерекше асер алдық. Зады молдаван халқының өмірін, тамаша табиғатын терең лирикалық тәбіреніспен, мұң аралас оқиғамен тамаша суреттеген Ион Друценің атамыш романы аудармашыға ауыр салмақ, жүктейтін, творчестволық азап пен ләззатқа белейтін толымды туынды. Мұнда лирикалық жөл саралана еріліп; табиғат пейзажымен астарланып, поэтикалық рухпен баяндалады. Сондай-ақ, ұлы кеменгер Лев Толстой туралы сыр шертегін «Оралу» повесі де лиро-философиялық шығарма. Қос дулдул дүниені аударған Нұрахмет Төлеупов жазушының жыршылдық, сыршылдық қасиетін діттеген жерден шығарып, күрделі романның күрмеуін шеше білген. Бұл тәржіма «Достық» кітапханасы сериясындағы ең озықтарының қатарынан орын алары сөзсіз. Сорок даласына деген ғашық көңілмен баяндалған сағынышты сездер ана тіліміздің барлық үндестік қасиетімен беріліп, мол баяумен әділтеген. Дәйектеме: «Жазғы дала тұн... Ол сені есіртеді де, есіркейді де, көшеге де шақырады. Мәлдір ауа есендірекенінде түншықтырады, сол жылы айтылатын әнді алдын-ала айтып та береді, өмірде ен қымбат нәрсенің бәрін сен соның бір гана мәлдір аспанына, бір гана тылсым ты-

ныштығына айырбастап жібересін. Осы тұн тұнғыш піскен жүзімдей тәтті, сол ушін оған бәрін құрбан етесін. Тајуда жүзім шашыры толыса бастайды олардың да тәтті әрі жүпар іісі сарайында ашады, бірақ алғашқы қышқыл жүзімнің бір ләззатына бірде бір нәрсе жете алмайды. Дала осы бір жаздың түнінен корқады. Бұл жердің халқы ете сенгіш келеді де, өздерін өздері есендірепті алады. Жас кезінде чутуарлықтар жаз бойы еркін серуенде, осы тылсым тыныштық құшагына еніп, қызығына батады... Олар осы бір жаз тундері кедей көрінгенде жақсы көреді. Оларға қашанда әдемі жігіттер, сұлу әрі ерке тотай қыздар жетіспейді, олар соны іздел үлгрінен безіп кетіп жатқаны. Жастарды арбап аулаққа әкеткен мына тунді жын қаққан шығар, оларға бұл өмірдің қыры мен сирьын айтып үлгермейдік те, тіпті, олармен жәнді әнгімелесе де алмадықтау деп шешелерінің беттерінен басып жүргені».

Міне, табиғат суреті қандай жатық, шыныайы түрде бейнеленген. Лирикалық сыршылдыбы да ынтызар құштарлықта, мәлдір махабbat та ана тіліміздің көрбез кестесімен әділтеген. Аударма шының түпнұсқаны бойына сініріп, ерекше пейілмен зейін қойғаны бірден байқалады. Екі шығарма да түпнұсқадағы рухани күшін, әсерін толық сақтаган. Міне, дәл осындағы көркем дәрежедегі тәржімалардың көбейгені қандай ганибет. Бұл арадағы барлық мактау сездің иесі — аудармашы. Эрине, бірен-саран әттегенайларды да аңғардық. Шығарманың орысша аты «Время нашей доброты». Біздіңшіңе осының баламасы «Сүйінішпен келген күйініш». Аккөіл, адад жандардың мейірімділіктен шеккен мекнатын суреттейді гой. Сондықтан да «Ақ көңілміз, жүк ауыр» деген атая сол мағынаны жснілдетіп, тұрган тәрізді. Содан кейін баламасы қазақ тілінде бар біраз сездер орыс тіліндегі үгым бойынша алынған. Мысалы: «Иленге түсіп» — 15 бет, «Егер законы қуаты қолымда болса» — 30 бет, «алғашқы қар тускендең аингинаға шейін» — 31 бет, «еденге тесеген дорожка» — 182 бет, «от алдыратын ручка» — 196 бет. Осындағы плен, закон, дорожка, ручкалардың ана тіліміздегі тұтқын, заң, баспа алаша, тұтқа деген баламасы түпнұсқадағы мағынадан кем асер етпейді.

Егер нақты емеуінді жеткізе алмайтын терміндер болса сез басқа гой. Шіннара «Шарап исі әлем атады» (45) терізді тұтқыр тіркестер кездесіп қалады. Мұның барлығы тамаша тәржімаланған туындының тұлғасындағы тарыдай гана дақтар. Ебедейсіздіктен, енжарлықтан түскен дәк емес, еленбей қалған, екшелмей қалған кінөрреттар.

Аударма тәжірибесінде, әсіресе, көлемді көркем шығарманы тәржімалау барысында жиі кездесетін кемістіктің бірі — жекелеген сездер мен сойдемдердің, үгымдардың қалыптасқан сез тіркестерінің әдеби нормасын сақтамай, түп нұс-

каның жетегінде кетушілік. Сырт қараша «Сібір» тәрізді 34 баспаратабақ тәңіріндегі қалың романда ішінде үшырасатын оншашты оғаш сойлемдер бүкіл шығарма шырайына шіркеу түсірмейтін сиякты. Егер аталмыш әбестіктер жіберілмесе, тілті, жақсы емес де. Ондай қателіктеге қаталдықпен қарамаса, елемеген дерттің ақсының кетуі де ықтимал. «Сібірдің» аударылуы өте орынды және жатық,— байсалды мақаммен оқырман жүргегіне жеткен (ауд. К. Ахметов, Х. Сыздыков). Ал, мынадай сойлемдердің үшырасуы өкінішті-ақ. Бұл аюдын баласынікі, жігітім!» (94) «Сидиган бұта-бұтаның арасынан ол ің жағынан да, сол жағынан да қар устінен көтеріліп жатқан ақ бушыкешті көрді» (104 бет). «Бұдан кейін шеміш бірнеше рет қайталанып, балық үйіле берді», (105 бет). «Бұл жерде Удавка өзеншесі» бар (114 б), «Ал, Гаврюка, бақыл бол, бұтага соғып кезінді шығарып алыш журме,— деп ескерті Акимовты шал.» (115 бет) «Таңмен таласа олар шаңғысына мініп, шалғынды ойпатқа бет алды» (179 б). «Олар түбір жағында тағы да сәл тұрды да шаңғыларына мінді» (131 б) «Ақыры есік ашылды, Катя алдынан шыққан қонқаң мұрын, үзын бойлы, тоқтасқан адамды көрді» (157 б.). «Бастықтар шынымен қауып илей бастаған корінеді. Бұйрық шығарыпты өскерге шақырылмаган мұжықтар мен жарапалып қайтқан солдаттардан қоманда құрып солардан әр селодагы астық сарайына күзет қойылсын деп» (519 б) Алты жүз беттік романың аудармасынан біз байқаған кемшіліктер осылар. Мұндай жаңылыс басқан болмашы дүниелерді кешіруше болар. Бірақ та ен үздік тәржімаланған туындының өзінде аюдын қонжығын — баласы — дейтін қазак үгімьын симайтын тіркестер кездессе ше? «Бақыл бол» — өлген адамға қоштасу ретінде айтылатын сез. Бұл арадағы баламасы «сақ бол, абай бол» тәрізді ескертпелер. Автордың айттар ойы бурмаланып, кейіпкер біреумен мәңгілікке қоштасып, тұргандай әсер қалдырады. «Тоқтасқан адам», үәделескен, әлденеге кепісken деген мағынада қолданылады. Ал автордың да, аудармасының да айтпағы егде мосқада адам. Соңғы сойлемде ешқандай мазмұндық алшақтық жок. Ал, стильдік жансақтық ше? Сөз басындағы «бұйрық шығарыпты», яғни баяндауышты сойлем өз орнына келеді. Өкінішке орай дәл осындай стильдік ақаулықтар басқа да аудармаларда да жиқылан береді. Орыс тілінің жүйесін сақтау дұрыс, алайда, оны да ретін тауып, ана тіліміздің грамматикалық заңына бағылдыра сәйкестендіру жөн.

Коркем әдебиет аудармасына қойылағын талап — тіл тазалығы, ойдың анықтығы, шығарманың ерекшелік қасиеттерінің сақталуы. Мұмкіндігінше түпнұсқаның бояуын сүйгілтілік оқырманға үсыну. Автордың алдындағы жауапкершілікті түсінүү. Бұл арада қанатты сөзге айналып кеткен В. Жуковскийдің «Про-

за тәржімашысы — автордың құлы, ал олек аударушы ақынның бәсекелесі» — деген пікірдің екеуі де енер туындысын итілгіне жаратуға үмтыханың адамның алдына қояр мақсаты арі азаматтық парызы. Ешқашаңда кәсіпшілікті желеу етіп, атқарар істін жүргін женілдетуге болмайды. Коркем дүниенің құнын туриру, автордың стилін бурмалау — мін. Ең үлкен мін. «Достық» кітапханасы сериясымен шыққан, одақ колеміндегі тандаулы шығармалардың бірі Сергей Залыгиннің «Аңысай» романы. Кезінде талай әдеби пікір алысуларда тілге тиек, өрісті ойға өзек болған туынды. Сібірдегі азamat соғысын, партизандар өмірін, халықтың түрмисін жан-жақты, реалистік тұрғыдан бейнелеген көлемді дүние. Өкінішке орай, «Аңысай» қазашқа аудармасы қоңілден шықпайды. Кең тынысты, терен, мағыналы, сырбад стильмен жазылған бұл романың қазашқа нұсқасында қөптеген кемшіліктегерге жол берілген. Ең бастысы автор стилі, баяндау тәсілі, халықтық толғамдары өз рециз жойып алған. Эрине, романың оқиғасы сақталған. Алайда, көркемдік талап деңгейінен шыға алмағаның ашық айтуымыз керек. Біріншіден, аудармашы (F. Оспанов) С. Залыгиннің жазу мәнериін, баяндау тәсілін, ой жүйесін толық менгере алмаған, бойына сіңірмеген тәрізді. Екіншіден, сойлем күрілісінде мағыналас сөздердің балямасын тапшаган, сонымен қатар мазмұнын сақтау ниетімен жолма-жол аударуға ден қойып, бүкіл сойлемнің стильдік ерекшелігін бурмалаған. Құрмалас сойлемдердің ара жігі ашылмай, айтылған пікірдің астары бұлыңыры тартқан. Үшіншіден, қазак тілінің тазалығы сақталмаған. Аудармашы жұмыс барысында асығыстыққа атустілікке үрінған. Кейбір сөздер оқиға барысынан даму жүйесіне қабыспайды. Енді осы пікірлеріміздің дәлелдемесіне жүгінейік.

«Аңысай» аудармасындағы алғашқы сойлемді оқыныз. Бұл арада аса кірпияз, орыс тілінің сөздік қорын еркін колданатын Сергей Залыгиннің ең субелі шығармасы екенін тағы да естеріңгә саламыз. Сонымен: «Сонау қоектемнен бастап, соңсона, бүкіл жаз бойы, даланың үстін ауыр бұлт басты да тұрды, бұлт күн? (?) күркіреп, носерленген жауын әкелді, соңсонаң үрей келді. Астық аса бір бітік шыққан он тоғызынышы жылдың күзіндегі Сібір астығы, сүттеніп, сарғыш тарта бастаған астық, сонау алыстырылған шабылмаган шалғындарға қарай ойыса түскендей». (5) Үлкен шығармасын алғашқы абақацы. Тілінің тұтқырланып өзөр оқысыз. «Сонау» деген сөздің өзі торт рет, астық — бір сойлемдерде уш рет кайталанған. Неге бұл сөздердің тігісін жатқызып, баламасына сай өзге тіркестермен ауыстырып жеткізбеске. Жайта тәржімашы шымырлатудың орнына бұлт, астық әкелді, сонау тіркестерін кос-костап көргендең, сол арқылы тұтас абақац қураган. Мұндай

мисалдардың біразын тағы да назарларыңызға ұсынайық. «Үндеулерді бірінін үстіне бірін, бірімен бірін қатар жапсыра беріпті. Ешкім, ешбіреудің сезінен қорықпайтын болған». (5-бет)... Сіз мұны неге істедіңіз. Власихин ойланып калды.— Дұрыс сұрау... Мен істедім, бірак мұны істеп тұрганда, осыным жақсы да, жаман ба деп ойлағаным жок... Мен мұны істемеген болсам... (13 б.) «Колчактың бүкіл тылдының бастығы, академияларда оқыған адамың тұруы аздай, мұны да дәлді шешуі керек, өзінің партизан әскерлерінің алдында қандай түрде шығарын да шешуі керек (37 б) «Глухов сыйлап берген аттың тісіне қарап жатпады, шекленін атың шоқтығының үстіне дерлік (?) тастай беріп, белбеуін шешіп алды да, екі үшін тұзақтап еди, үзенгі болды да шықты. Ол қыска аяқтарымен атты мойнынан дерлік (?) қысып алды (42 б), «Шеп шошаққа» (?) жақында салынған екен, шебі әлі кек, әлі де дықымыл тартып тұр. «Шошақ, (?) тіпті тірі жандай ыңғылайтын, бір жағына қарай қисайшты, орнынан қозғалып кетпек болған, бірақ қозғалып кете алмаған тәрізді. Дора балаларымен сол шошақтың терең (?) ішінде де тығызып жатыр, қараңғыда». (63 б) Уш-терт дәйектеменің өзінен ак аудармашының шалағайлышы анық аңғарылады. Тым жауапсыздықпен қаралған. Ол-пі-солпі сөздерден сөйлем қурау С. Залыгин сияқты сыйндарлы суреткерге жат мінез. Амал қанша, аудармашы түпнұсқадағы нұсқалы стиль ерекшелігін ес-керменеген. Сондай-ақ 42-беттегі дерлік сөзі дәл осы арада орынсыз қыстырылған. Ұбының нақтылығын, суреттің анықтығын жойып тұр. Тағы да бір танданғанымыз соңғы мысалдардағы «шеп шошақ». Зады аудармашы шөмелес деген сөздің мағынасы ретінде пайдаланған сияқты. Бір жерде емес осы тараудың ен бойынан, «шеп шошақ» сезі кемінде елу рет үшірасады. Ал осы узіктегі сөйлем құрылымының өзін де «қынынан қиыстырылып» тұрмaganы анық. «Шеп шошаққа жақындаған салынған екен» Егер түсінік бойынша нақты мағынасын күсак, шошаққа, білжерге, үшкір ағашқа шеп салынған болып шығады. «Әлі де жас шеп» — бұл арада автор шептің қурап үлгермегенін мегзесе керек. Ал тәржімадағы ретімен қарасак, «шеп әлі жас» дегенді байқатады. «Сол шошақтың терең ішінде тығызып жатыр» дұрысы: «Сол шөмеленің қуысында тығызып жатыр.» Аудармашының түпнұсқадағы сөздің қазақша баламасын нақты таба алмаусы «шеп шошақ» сияқты жасанды тіркестердің орын алушына жол ашқан. Бұл таза стильдік кінәрреттар.

Қандай шығарма болмасын, мейлі ол аударма ма, әйттеір оның тілі, айттар ойы, сөйлем құрылымы нақты, жалпы жүртқа түсінікті болуы шарт. Крос-сворт жұмбагы іспетті жауабын әзер шешетін құпия сөйлемді көркем шығарманың жүгі көтермейді. Ал аударма са-

ласында аса дәлдік қажет. Еркіндікке умтыла отырып, оригиналдың да өзіндік касиетін сақтау лазын. Миңе, осындағы түсініксіз тіркестер, жібі бос, өзара қабыспайтын құрмалас сәйлемдер «Аңы сайдың» аудармасында молынан үшірасады. Біз төрт-бес мысалды жекеке жеке көлтірейік. Тағы да алғашкы 5-беттен бастайық. «Екінші гильдия көпесі Кузодеевтің кең байтақ сауда үйінің (?) қазіргі бас штаб тұрган үйдің шатырлы басқыш бағандарының (?) жоғарылығы темен ен бойына үндеулер жапсырылған. «Қазақ халқы кең байтақ» сөзін далага, жерге қаратағы айтады. Үйдің белмесі қанша үлкен болса да «кеңбайтақ» демейді, тек «кең» үгымын гана пайдаланады. Ал, «Үйдің шатырлы басқыш бағандарын» дегенді қалай түсінісіз, «Шатырлы басқыш» — шатырга шығатын баспаңдақ па. Онда «бағанасы» несі. Біздің пайымдауымызша әңгіме, үйдің шатырлы көтеріп тұрган дінгек туралы ербуге тиіс. Демек, бұл сәйлемдегі сөздер бір-бірін жоққа шығарып, бұлыңғыр мағына беріп, жан-жаққа быттырап тұр. Тұтас оқығанда жалпы мазмұнын болжаумен аңғарасың, нақты ештеңе де қолына түспейді, Брусенковтың дауысы күшті, (зор шығар Т. Ж.) езі болса аяқтары қыска, бірақ аяқтан жогары жаға тұрықты, сида, бетін шешек жеп қойған, мұлдем кісі құтпейтіндей әлпетті» (11 бет). Соңғы сөздердің кандай мағынада қабылдаймыз. Жағымды ма, жағымсыз ба. Кісі құтпейтіндей ажарлы ма, жоқ, көрінішке ме? Тағы да нақтылық жетіспейді, «Әлпет» деп бетті айтады. Ал, ол енді қандай? Миңе, сол үбым ашылмаған. Ал, мына аш ішектей сез тізбегін қалай бағалайсыз. «Алыста дәң үстінде, шіркеудің үшар басын, қақ қастарында, жақында көпес Кузодеевтің екі қатарлы үйінің, қазір бас штаб тұрган үйдің кек бояумен боялған темір шатырлы жанан өтіп, алаңға, жүрттың басына, бетіне күн сөүлесі түсіп тұр.» Бұлыңғыр да бураңы сөйлем. Аудармашы жолма-жол тәржімалаганда, жалпы стильдік жүйеге назар салмарат. Ал «апрель» күнінен тұған дерлік сәулелер құйылып кетеді» деп бейнелеу де онша ұнаспайды. «Бірақ оның омірі ілгері баспады, ілгері баспай-ақ, қойды, будан он жылдай бұрын қызы-әйел (?) ойда жоқта, қаза болды» (15 бет) Қызы-әйел. Қыздай алған әйелі, ме, жоқ әйелі мен қызы ма? «Совет екіметі тұған соң (?) көп үзамай, шығысқа қашты» (16 бет) «Қазір шошақта (шемеледе — Т. Ж.) халы қалай екен? Дегенменде катындардың омірі үрелі-ақ... балаларын есіреді, мұжықтарды күтеді, мас болып қалса қонақтан алғып қайтады, ал кейде актардан қашырып (?) жібереді.» (40-бет) «Құтқарып» десе әлдекайда құлаққа жағымды естілер еді. «Бүгін кешкісін міндетті турде Сузунцовтың отарына (?) жиылысқа келуі керек. «Отары» — қотанына ма, қорасына ма. Егер адам жиналатын жер болса ауласына шығар? «Ол бұл күнде

бас командашының атултасы» (30 бет) «Шабарманы» гой. Өзге тілден аудару барсында көлтеген тың сәтті баламалардың дүниеге келгені мәлім. Алайда жасанды сөздің мағынасы да жасық қой.

«Аңы сайдың» тәржімасымен таныса отырып, тағы да бір шорқақ сөйлемдерді көзіміз шалды. Бірінші, екінші, үшінші жақпен айттылатын сөздер арласып қолданылған тіркестер жиі көрініс береді. Сондай-ақ қазақша баламасы бар орыс сөздері сол күйінде, не сәл өзгертіп — (арестті-әріске) пайдаланып, тіл шұбарлығына ұрынған. Әрине, оның барлығын тізудің қажеттігі де шамалы. Дегенменде сөзміз дәлелді болу үшін аздаған мысалға жүгінейік. «Бұрын бастық келуші еді, ал менің болса оның көргім келмейді» (10 бет) Осы сейлемнің құрамы қай жақпен құралған. Септік жалғауының орны дұрыс табылмағаны барлық мағынаны бұзып тұр. «Ешкім бұлай ойламасын деп, ол стол басында туре келді», (14 бет). «Әлем-жәлем, қоңыраулатқан, шанада гүлділікке жүрген мастар» (15 бет). Шанада серуендемейді, қоңырау таққан шанамен серуендем жүрсе бір сәрі. «Еш інрсес құрама, ренжіме, әйтпесе бұрылып алды, қайтадан кетіп қояды» (69 бет) Кетіп қалатын шығар. «Қайтадан біздікілерге барды, соғыс біздің туыстардың қорасының (?) ішінде» (291 бет). Дұрысы: қайтадан біздікіне барды емес пе? «Үйіне күтімші әйел де алған жоқ» (15 бет) Күтуші әйелді айтады. «Шағымдар жазады, араза (арыз Т. Ж.) жазады. (14 бет). (Өздерін әкімет саңайтын штаб туды?) (6 бет), құрылды, үйымдастырылды деген онды болар. «Мынау қонтра ма, кім езі» (22-бет) Соңғы «а» әріп артық «Халыққа құрдым (?) жариялайсын, (Бұл да осы беттер) «Тігіт езін-еzi умытқандай болды, бірдене, етікісі кеп еді, есіне түспеді» (25 бет), «Майлап қойған биік бағанаға шығып, үстіндең четверть самогонды алуға тырысады» (70), «Бөлімдерді толықтыру үшін және әскерге кісі алуды бірендейлеу үшін (бірыңғайлау — Т. Ж.) (124 б), «Бөлімнің адамдары шепкө келетін болса әріске аламын» (204 бет), «Ал жесір әйелдер мен кедейлерге лъгот (женілдік — Т. Ж.) беру керек» (228 б) «Терезенің ар жағында да халықтар гуляйт соғуда» (304 бет) Міне, мұндай бір-бірін сүймелдеп әзэр тұрган тіркестер көркем шығарманың құның едуаір түсіріп тұр. Қрылцо, стрелочник, плен, әріс, гуляйт, сукно, цепковой, строй, четверть, лъгот, тәрізді сөздердің неге қазақша тәржімаланбай, сол күйінде алынғының мәні нede екені бимәлім. Е. Оспанов қазақшага тәржімалған Д. Граниннің «Коммуна генералы» атты романында да «орамал-шымғымды алайын», деген іспетті олак тіркестер кездеседі. Ал «Клавдия Вилоардың» аударылуы мінсіз-ақ. Шығарманың барлық қуатқүші, әсері толық жеткізілген. Аудармашы қолтансабының ала-құлалығы өкінідіреді.

Даниил Граниннің кітабындағы «Бах-

тың бейіті», «Хемингуэй» атты екі шағын әңгімені жазушы Амантай Сатаев аударыпты. Әрқайсысы екі-үш бет қана. «Бахтың бейіті» әңгімесінің бірінші сейлемін: «Тан ата мен Бахтың бейітіне зират етуге әулие Фоманың, соборшіркеуіне келдім», — деп тәржімалапты. Зират-мола, Бұл арада дұрысы «бейітіне тағым етуге» шыгар. Содан кейін: «Собор зәулім екен, мен жықпыш, жықпышдарын арапал, священик, епископ, князь герцогтар молаларындағы мұнтастарды көрдім», — дегендегі, мұнтастан» көрі қалыптасқан құлпытас үғымы автordың ойын кеңінен ашуға мүмкіндік беретін сияқты.

«Достық» кітапханасымен шығатын совет әдебиетінің маржан туындыларының саны жыл сайын артып келеді. Оған республика қаламгерлерінің, бразы атсалысуда. Ал, сонын аударылу дәрежесі қандай? Міне, осыған да бір сәт назар аударып, пікір алсыз лазын. Жақсы бастаманың оркениң есіру үшін де осы уақытқа дейінгі атқарылған жұмыстың тәжірибесі қақында тілге тиек ететін мезгіл жеткен сияқты. «Жаппай аудару» науқаның кәсіпке айналдырылай тұрып, біткен істін қорытындысын шығарудың пайдасы мен тигізер септірі зор. Қатаң талап, тұжырымды пікір қажет. Сондағана аударма арқылы халқымыздың жүргегіне сапар шегетін шығармалардың түпнұсқадағы эстетикалық әсері, руҳани тарлымы, философиялық астары тоғылғанды күйінде, көркемдік шыраймен оқырман қоңіліне бауар алады.

Совет әдебиетінің таңдаулы туындыларының біразы ана тілімізде жарық көрді. Солардың бірі Юлиан Семеновтың «Кектемнің он жеті сәті» атты хроникалық романы, Қазақшага аударған Тұңғышбай Ісмагулов. Бұл шығарманың жалпы мазмұны оқырманға осы аттас фильм арқылы жақсы таныс. Көркем шығарма ретіндегі ерекшелігі сол, мұнда хроникалық деректер мен публицистикалық сырят басым. Тәржімашы белгілі дәрежеде романының жалпы стилдік ерекшелігін сактауға тырысқан. Дегенмен де жекелеген, тұстарда түпнұсқаға нұқсан келтіретін олак сейлемдер жиі үшірасады. «Кектемнің он жеті сәтінде» күрделі ойға құрылған ой тасқындары, табигат суреттері сирек кездеседі. Нәқты штирихтер басым. Қысқа қайырылған сөздер мол. Аудармашы әр сейлемнің мазмұнына зер салғанда, мұқым абзацтың мағыналық тутастығын назардан тұыс қалдырған сияқты. Кейде түпнұсқадағы ой бұрмаланған. Мысалы, «Төңірекten көктемті февраль айының тынысы бауу (?) білінгенімен, ауа әлі шымыр (?) көгілдір болатын, қарда айылын жи亞 емес, түңгө қарай, әміse тағынан таусылып, жібі (?) бастайтын жерді тоңы мыйзамай жатқан» (5-бет). Бұл шығарманың беташар сейлемі. Шымыр ауа емес шынылтыр ауа болуы керек. Ал, асты сызылған соңғы сез тіркестеріне назар салынышы. Қарымырт үйірілгенде жіпсін, ери бастауы

қажет сияқты. Бұл арада аудармашы сөйлемдегі сезідің орын ауыстырып алған көрініп-ақ түр. Жердің тоны түнгі қарай қатып, мұз құрсауланатын мезгесе керек автор. Міне, мұндай ағаттықтардың көркем шығармаса көрік қоспайтыны анық. Жекелеген сезідердің орынсыз қолданылуы, баламасы дәл табылмаған ұғымдар да аудармандың жүргін тым жеңілдетіп жіберген. Кейір өзіміз байқаған «ақаулықтарды» назарларының ұсынамыз. «Күн ұсына күлап (?) еді» (5-бет), «Оливия ағашының майнына бектерілген», «Егер сіз жүйкеңізді тоздырган курделі бір операциядан соң, бауырыңыздың ауруына шағынып (?) күлсөңіз де, әзіл қашырансызыда (?) тындаушыңызды жаһыттырмас едіңіз» (екеуі де 11-бетте), «Шілін ашпай (?) түйіктала бергенін Сізге айтып едім гой» (13-бет). «Ол өзіне өзі неғұрлым қаталдау келсе, Кальтенбруннерді согұрлым қарусызыдандыра тусетінін тустанғен еді» (15-бет). «Мені Бони қафедрасынан аластап (дұрысы — аластатьып. Т. Ж.) тастаған» (18-бет), «Фалым, жазушы, артист атаульның бәрі де өздерінің ұсталған (дұрысы — ұсталған Т. Ж.) баяттарына беріп келеді», «...бәлкім қағажу, май жағылған наны мен және тау баурайындағы мылжындауынды додарар» (екеуі де 19-бетте). Соңғы сөйлем дұрыс құрылмаған, магынасы тустаніксіз. «Ой ағымы шағын жетік (?) болғанымен өз ісіне мығым» (39-бет). «Жетпіс шақырымдық, жылдамдықпен ұшыртайық» (?) (46-бет). «Сіздің консультта-кенесінің-ақ» (48-бет), «СС-ті шоғырлап (дұрысы — шоғырландырып) отырғандықтан» (55-бет), «Шелленбергтің өзі де оны рейхсфюрерге қуана-қуана беруге әзір еді — ол өз женсін дәйімі сорған және Гейдрике сыйласатын» — (дұрысы — сыйлайтын) (75-бет), «Кез алдынан Кәттің бейнесі кетпей қойды, Оның іші өте үлкен, сүп-сүйір еді» (78-бет), «Өзи шағын бойлы, жалпақ басты, жүзінде дағы бар бұл адам фотографтар түсіруге оқталған кезде көршілерінің тасасына, бой үрлауға (дұрысы — тасалауга) жасыргуға тырысатын» (105-бет), «Сізбенен кездеспекші болған жерде күтеді өзінің айтқан уақытта ертең» (141-бет), (сөйлем құрылымына назар салыңыз — Т. Ж.) Бәріне кінәл тек сендерсіздер (дұрысы сіздер)

(145-б), «Ол киімін шешінетінде, сырқатқа шалдыққан организміне бар еркін, қайратын бағыттайтын» (207-б). Асты сыйылған сөйлемдер мен сезідердің орашолақтығын, мағынаны бұзып тұрганын, аңғару қын емес. Соңдықтан оны талдаң, тусіндіріп жату артық сияқты. Разведка, поек, кровать, пресса, инициатива, ветерандар, консультант, коридор, папирор іспетті сезідердің сол қалпында алынуы да шығарманың тілін шубарлап түр. Эрине, романың баянда жүйесі біршама тартымды төржімаланған. Алайда, тілді күрмейтін, ой ағымын тежейтін тіркестердің кез сүріндіруі қынжылтады.

Жалпы қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттіңінде бір саласы — аударма туралы арнайы әңгіме еткізу мәселесі күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін міндеттердің бірі. Екіншіден, әлем әдебиеттің кейір үздік туындылары әлі де қазақ оқырмандарының қолына да тиген жок. Флобердің «Бовари бикесінің», Р. Ролланың «Жан-Кристофының» кешіріп жатуы да ойланыпрады. Бүгінгі әлем әдебиеттіндегі әр-түрлі бағыттарда творчестволық, ізденіс іздерін танытқан А. Камю, М. Пруст, Я. Кавабата, У. Фолькнер, Г. Маркес, Ж. Амаду, М. Фриш шығармаларын төржімалуа қажет. Олардың қазіргі әдеби процестің дамуына, оқырмандардың эстетикалық танымын көңейтуге тигізгер асері мол. Үшінші: осыдан үш-төрт жыл бұрын жақсы үрдіске айналған «Қызықты хиқаляр кітапханасының» үзіліп қалуы да өкінішті-ақ. Жас жеткіншектердің ой-санасына, арманына қанат бітіретін қызыңды туындылардың рухани ықпалы мен есері де бір ганибет емес пе. Жетпісінші жылдардағы жарық көрген аударма саласындағы туындылармен таныса отырып, көнілге түйген пікірлеріміз осынайдай. Жетістік пен кемешілік, күтгей мен желеңке аралас екен. Ең бастысы: салмақты да салауатты, мазмұнды да магыналы өнер туындыларының ана тілімізде жарық көріп, халық игілігіне айналуы. Ал күре міндет: сол мол мұраның көркемдік қуын жоймай оқырман жүргегіне жеткізу, халық күткен бейнелі белестен көрінү. Қашандан сол үлкен мақсат жолындағы ізденіс көнінде қоржыны ток, мұраты биік болғай.